

Әл – ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТИ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТИ КАФЕДРАСЫ

Факультеттің Ғылыми Кеңес
мәжілісінде
Бекітілді
Факультет деканы

_____ Б.Б.Мейірбаев

№ хаттама " _ " __2026ж

«7М01805 – Әлеуметтік педагогика» білім беру бағдарламасы

«Әлеуметтік педагогтың диагностикалық қызметі»

**ПӘНІ БОЙЫНША
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН
БАҒДАРЛАМАСЫ**

5 кредит, 2 курс,
қазақ бөлімі ,

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын дайындаған Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к Д.А.Нурғалиева

Кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды.

« » __ ж., хаттама № 1

Кафедра меңгерушісі _____ Н.С. Әлқожаева

Алғы сөз

Пән бойынша қорытынды емтихан түрі – *жазбаша (offline)*. Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және МӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Офлайн оқыту кезіндегі **жазбаша** емтиханның міндеті - оқу жетістіктерін меңгеруге жоспарланған білімдері мен дағдыларын бағалау болып табылады. Офлайн сұрақтарды әзірлеу критериалды-бағдарлы тұрғысынан қарастырылады.

Емтихан өткізу ерекшеліктері: емтихан барысында магистрант емтихан сұрақтарына белгіленген кестеге сәйкес, жазбаша жауап береді. Жоғары ажыратымдылықтағы бейнекамералары бар және дыбыс жазылатын аудиториялар мен дәріс залдарында **offline** режимінде өтеді, сондай-ақ, емтихан жұмыстарын шифрлау және дешифрлау арқылы жүргізіледі.

Емтиханды өткізу формасы:

СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША.

Емтиханның ұзақтығы *2сағатты* құрайды. **Жұмысты тексеру:** Жазылған емтихан нәтижелері 100-баллды жүйеде **Univer жүйесінде** бағаланады.

Жазбаша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды. Білім алушыға мәтінді берілген сұрақтар бойынша жазбаша жауап берілуі қажет.

Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

Бірінші блокта оқыту объектісін білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл магистранттардың оқыту аймағындағы алдыңғы қатарлы білімді түсіну мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

Екінші блокта ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл магистранттың зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеуі мен мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

Үшінші блокта ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелілік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда магистранттың пікірлері, өзіндік түйін жасауы, пайымдау қабілеттері бағаланады.

Оқыту нәтижелері:

Курсты оқу нәтижесі бойынша магистрант қабілетті болады:

- әлеуметтік педагогтың диагностикалық қызметін сараптай алу;
- білім беру аймағындағы әлеуметтік педагогтың нормативтік-құқықтық құжаттарын білу;
- Диагностикалық зерттеулерді талдау; оң педагогикалық тәжірибе мен идеяларды бөліп көрсету және қорыта алуы;
- мәліметтерді статистикалық өңдеу, зерттеу нәтижелерін талдау жасай алу;
- Әлеуметтік педагогтың қызметіндегі диагностика бойынша отандық тұжырымдамалар мен теорияларды талдау жасай алу;

Жазбаша емтиханға дайындалуға арналған тақырыптар:

- 1- тақырып.** Әлеуметтік педагогтың қызметіндегі диагностика бойынша отандық тұжырымдамалар мен теорияларды талдай білу;
- 2- тақырып.** Білім алушылардың позициясын қалыптастыру құралы. Қазіргі білім беруді ізгілендірудің жаңа парадигмалары мен тұғырлары: адамзаттың жаһандық мәселелері.
- 3- тақырып.** Диагностикалық зерттеулерді талдау; оң педагогикалық тәжірибе мен идеяларды бөліп көрсету және қорыта алуы;
- 4- тақырып.** Диагностикалық жұмысты жоспарлау, бағдарламалар жасау, нақты диагностикалық тапсырмаларды білу.
- 5- тақырып.** Педагогикалық диагностикадағы негізгі ұғымдар мен тәсілдер.
- 6- тақырып.** Диагностикалық жұмыстың кәсіби-этикалық нормалары. Кәсіби-этикалық стандарттың принциптері.
- 7- тақырып.** Гуманды педагогиканың теориялық- әдістемелік негіздері.
- 8 -тақырып.** Диагностика технологияларын,әдістерін тиімді пайдаланып , психологиялық-педагогикалық зерттеулер жүргізу.
- 9- тақырып.** Әлемдік білім кеңістігіндегі рухани-адамгершілік білім берудің әдістемелік тұрғылары : салыстырмалы аспект.
- 10- тақырып .** Әлеуметтік педагогтің жұмысындағы негізгі құжаттардың жіктемесі. Әдістер мен тесттердің функциялары.
- 11- тақырып.** Кәсіптік қызметте білім алушылардың жеке, жас және психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеру;
- 12- тақырып.** Педагогикалық этика. Педагогикалық қарым-қатынастың басқару құралы ретіндегі теориялық және практикалық бағыттары. Тұлғааралық қарым-қатынас теориясы.
- 13- тақырып.** Адамгершілік идеяларының тәрбиелік әлеуеті. Ұжымдағы қарым-қатынас әдебі.
- 14- тақырып.** Әлеуметтік саладағы модернизациялау ерекшеліктері мен стратегиялық мақсаттарын білу.
- 15- тақырып.** Әлеуметтік саланы зерделеу және мониторингілеу жөніндегі қызмет түрлерін білуі;

Ұсынылатын әдебиеттер

Оқу әдебиеттері:

1. Әлқожаева Н.С., Төлешова Ұ.Б. Білім берудегі педагогикалық технологиялар. Оқу-әдістемелік құралы – Алматы: Қазақ университеті, 2016.122б.
2. Бұзаубақова Ж. Оқытудың педагогикалық технологиялары: Оқу-әдістемелік құрал. -Тараз, 2015.
3. Технологии социальной работы/ Под ред. Е.А.Холостовой-М.Инфра 2011.-400 с
4. Алмазов Б.Н., Беляева М.А, Бессонова Н.Н. Методика и технологии работы социального педагога. М, 2011.-192с.
5. Жиенбаева Н.Б. Психолого-педагогическая диагностика личности: Учебное пособие. Алматы: Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, 2020. – 311 с.

Қосымша әдебиеттер:

6. Айтбаева А.Б. Әлеуметтік педагогика негіздері: Оқу құралы, –Алматы: 2011.
7. Әтемова Қ.Т. Әлеуметтік педагогика: Оқулық. –Алматы: 2012.
8. Әлқожаева Н.С. Әлеуметтік педагогика: Оқулық. –Алматы: 2011.
9. Қасымова Р.С. Әлеуметтік педагогика: Оқу-әдістемелік құрал. –Алматы: 2010.

Зерттеушілік инфрақұрылымы

Офлайн, ИС «UNIVER»

Интернет-ресурстар

1. <https://urait.ru/bcode/535786>
2. <https://urait.ru/bcode/544475>
3. <https://urait.ru/bcode/532202>
4. [https://psychlib.ru/mgppu/zim/ZIM-001-.HTM#\\$p1](https://psychlib.ru/mgppu/zim/ZIM-001-.HTM#$p1)

БАҒАЛАУ САЯСАТЫ: МАҒСТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША

| Балл | ДЕСКРИПТОРЛАР | | | | |
|------------------------------------|--|--|---|--|---|
| | «Өте жақсы» | «Жақсы» | «Қанағаттанарлық» | «Қанағаттанарлықсыз» | |
| | 1- сұрақ – 30 балл | | | | |
| Критерий | 25-30 балл | 21-26 балл | 15-20 балл | 8-14 балл | 0-7 балл |
| Курс теориясын меңгеру және түсіну | Емтихан жауаптары талаптарға сай жазылған. Жауаптың мазмұны сұраққа толық мәлімет береді, практикалық ерекшеліктері сипатталған. Емтихан жауаптары теориялық материалдарды жақсы игергендігін білдіреді. | Сұрақтың жауабы толық қамтылмауы, негізгі ережелердің қысқартылған аргументтерін қамтитын және материалды беру логикасы мен реттілігі сақталмауы, жауапта стильдік қателер мен терминдерді дұрыс қолданбауы. | Емтихан сұрақтары толық қамтылмаған, негізгі ойларды үстірт дәлелденген, баяндаудағы жүйелі талдаулардың болмауы, берілген жауап мысалдарында теориялық ойлары нақтыланбаған жауаптардың болуы. | Қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымауы, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны болжау. | Теориялық негізгі ұғымдарды, нақты теорияларды білмеуі; Емтихан ережесін бұзуы. |
| 2 -сұрақ – 35 балл | | | | | |
| Балл Критерий | 27- 35 балл | 21-26 балл | 15-20 балл | 8-14 балл | 0-7 балл |
| Пәннен сызбалар, | Тапсырманы толық орындау, қойылған | Берілген сұрақты | Емтихан жауабында логикалық дәйектілікті сақтамай, нақты | Сұраққа жауап жазуда ұтымсыз әдісті талдау | Тапсырмаларды шешу үшін білімді, |

| | | | | | |
|---|--|---|--|---|---|
| кестелер құрастыру, ұғымдарды талдай алу. | сұраққа толық, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешуде тиімді әдісті талдай алуы. | ішінара орындау, толық емес, курстың практикалық мәселелерін айқындауда қойылған сұраққа дәлелді жауап беру; | және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың теориялық білімі үстірт берілуі. | немесе жеткілікті ойластырылмаған жауап жоспары; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктердің орын алуы. | алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және нәтиже жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу. |
| 3 -сұрақ – 35 балл | | | | | |
| Балл Критерий | 27- 35 балл | 21-26 балл | 15-20 балл | 8-14 балл | 0-7 балл |
| Пән бойынша алған теориялық білімді практикалық тұрғыда талдай алу. | Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістеме мен технологияны дәйекті, қисынды және дұрыс негіздеу, сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау, жалпы нақты тұжырымдарды ұсыну (+графикалық деректер арқылы негіздеу нәтижелерін визуализациялау). | Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі. | Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер бар, сонымен қатар практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлдік жоқ. | Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды. | Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу. Жұмыс мүлде орындалмаған, емтихан сұрағына берілген жауаптар нақтылықты қажет етеді. |

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл. Бірінші сұраққа – 35 балл, екінші сұраққа-35 балл, үшінші сұраққа - 30 балл.